

*“Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығы”
КММ*

Әлемнің үздік мұражайлары

**В2 ортадан жоғары деңгей,
V бөлім, 1-сабақ**



Қазақ тілінің оқытушысы : Жазира Смагулова

Грамматикалық минимум

Құрмалас сөйлем құрамындағы тең дәрежеде байланысқан екі сөйлемнің бірі екіншісі үшін талғау, таңдау мағынасын білдіретін салалас құрмалас сөйлем түрі **талғаулы құрмалас сөйлем** деп аталады.

Мұндай сөйлемдер жалғаулық шылаулар (**не, немесе, я, яки, болмаса, не болмаса, әлде мейлі, құй**) арқылы жасалады.

Мысалы:

Не Ұлттық өнер галлерейясына, **не** болмаса қалалық мұражайға барамыз.

Тура келесің бе, **әлде** жолдағы ауылға соғасың ба?

Әлде Алматыда, **әлде** Астанада нақты қай қалада екенін білмеймін

1-тапсырма



Сөйлемдегі асты сызылған сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын табыңыз.

Бұл көрме бұрынғы өнер бағытының жаңадан қалыптасқан үлгісі.

а) жаңарған ә) ескірген б) өзгерген в) дайындалған

Қазақстанда ХХ ғасырда көптеген тарихи-мәдени мұражайлар ашылды.

а) жабылды ә) құрылды б) тоқтатылды в) қосылды

Орталық кеңседе болатын жиналыс келесі аптада өтетін болды.

а) қала ә) мекеме б) отырыс в) мұрағат

М.Әуезовтің «Абай жолы» романының қазақ тіліндегі нұсқасын оқу керек.

а) түпнұсқа ә) қалыптасу б) орын в) аспап

Әрбір адамның бір іске деген ікемі бала кезінен байқалады.

а) пайдасы ә) жазуы б) қабілеті в) баспа құралдары

2-тапсырма

Сөйлем мағынасына сәйкес сөзді табыңыз.



Баспа, саз аспап, пікірталас, жарлық, сақтам

1. Белгілі бір істі жүзеге асыру үшін ел Президенті немесе Министрі, мекеме басшысы шығаратын құжат түрі
2. Мұражайлар қорында сақталатын заттарды қалай атаймыз?
3. Екі түрлі топ бір мәселені немесе бірнеше мәселені талқылайтын отырыс..... .
4. Кітап, журнал, газет басып шығаратын мекеме
5. Музыкалық құралдарды қазақша дейді.

3-тапсырма

Әлемнің үздік мұражайлары

Лувр

Лувр – қайталанбас өнер туындыларын тамашалау үшін халық ең көп жиналатын Францияның ұлттық мұражайы, яғни Еуропадағы ең тұңғыш мұражай болып табылады. Мұражай Сенаның оң жақ жағалауында, яғни Париждің орталығында орналасқан.

Луврдың негізгі ғимараты XII ғасырда тұрғызылған Франция королі II Августтың қамалы болып табылады. Ал мұражайдың ашылуы Француз революциясы етек алған тұсқа, яғни 1793 жылмен тұспа-тұс келеді. Луврдың ең танымал құндылықтары ретінде – Леонардо да Винчидің Моно Лизасын, не болмаса көнегректік Венера Милосская мен Ника Самофракийская мүсіндерін атауға болады.

Ұлттық өнер галереясы

Бұл көркем өнер мұражайы Вашингтон қаласының Ұлттық саябағында орналасқан. Аталған галереяда әлемдегі ең үздік еуропалық және америкалық шеберлердің туындылары жинақталған. Мұнда сурет, графика, мүсін, акварель, фотосурет, фарфор және сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жалықтастан тамашалауға болады.

Уффици мұражайы

Әлемнің ең таңдаулы әрі ең үлкен көркем сурет және мүсін мұражайы Флоренцияның Уффици алаңында орын тепкен. Мұражайдың суреттер топтамасы Джотто, Симона Мартини, Леонардо да Винчи, Рафаэлия, Микеланджело және Караваджо сынды әлем мойындаған тұлғалардың туындыларымен толықтырылған. Сондай-ақ, Дюрер, Рембрандт және Рубенс секілді неміс, голланд шеберлерінің жұмыстары қойылған.

Ватикан мұражайы

Әлемдегі ең үлкен мұражайлардың кешені. Мұражайда 1400 зал бар және онда қойылған 50 000 затты көріп шығу үшін 7 шақырым жерді жүріп өтіп керек екен. Онда көне және қазіргі заманғы көркемөнер туындылары жинақталған.

Мысыр мұражайы

Мысыр мұражайында көне мысыр өнерінің әлемдегі ең көлемді топтамасы жинақталған. Мұражай тарихы 1835 жылдан басталады. Ал мұражайдың классикалық стильдегі қазіргі ғимараты француз сәулетшісі марсель Дюонның жобасы бойынша 1900 жылы тұрғызылған. Мұражайда сонау Грек-Роман кезеңінен бергі өнер туындыларының 120 000 үлгісі қойылған.

Эрмитаж

Эрмитаж – әлемнің ең үлкен мұражайларының бірі әрі бірегейі. Мұражайда әлем мәдениетінің үш миллионға жуық өнер туындылары мен ескерткіштері қойылған. Мұражай 1764 жылы құрылған. Негізін қалаушы II Екатерина болып саналады. Эрмитаж топтамасының құрамында: көркем сурет, мүсін және қолданбалы өнер бұйымдары, археологиялық ескерткіштер, нумизматикалық заттар, асыл тастар жетерлік.

Үй тапсырмасы

Еліміздегі мұражайларды әлемнің үздік мұражайлары сияқты атақты ету үшін қандай жұмыстарды жүргізер едіңіз.

Кем дегенде 10 іс-шара жазыңыз және оны атқару жолдарын көрсетіңіз.

Іс-шара атауы	Іске асыру жолдары



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!**